



**Амангелді аудандық орталық кітапханасының
библиография бөлімі**



**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы
Сәбит Айтмұханұлы Досановтың
туғанына 80 жыл
«Дария басы бұлақтан»
/ жаднама /**

Амангелді, 2020 ж.



Сәбит Айтмұханұлы Досанов 1940 жылы 12 қаңтарда Қостанай облысы Амангелді ауданының Байғабыл ауылында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетін (әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) тәмамдаған.

1985-1989 жылдары КСРО әдебиет қоры Қазақ бөлімшесінің директоры, 1991-1995 жылдары Республикалық Халық шығармашылығы және мәдени қызмет көрсету орталығының Бас директоры, 1996-1997 жылдары мемлекеттік «Қайнар» баспасының Бас редакторы болып істеді. Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясында ұстаздық қызмет атқарған. Африкадағы Дунду, Қазақстандағы Қостанай қалаларының, Ақсуат, Амангелді аудандарының құрметті азаматы.

Еңбек жолын республикалық газет-журналдардан бастаған. 1985 – 1989 жылдары КСРО Әдебиет қорының қазақ бөлімшесінде директор, 1991 – 1995 жылдары республикалық халық шығармашылығы және мәдени қызмет көрсету орталығының бас директоры, 1996 – 1997 жылдары “Қайнар” баспасының бас редакторы қызметтерін атқарды.

Көркем сөздің көрнекті шебері

Алғашқы “Қайырлы таң” очерктер мен әңгімелер жинағы 1966 жылы жарық көрді. Бұдан кейін “Соны іздер” әдеби-зерттеу еңбегі жарияланды. Кейіннен Досанов көркем жанрға бет бұрып, “Қыран қалғымайды” (1971) повестер жинағы мен “Тау жолы” (1978), “Екінші өмір” (1981) романдарын жариялады. “Жер тағдыры”, “Сексен бестің көктемі”, “Адаспаңдар адамдар”, “Тотем под чадрой”, “Тензор стенного кургана”, “Сыңсып ұшқан сыңар аққу” шығармалары жазушыны өмірдің өзекті мәселелерін көтерген, өткір көркем сөз шебері ретінде танытты. Осы аралықта әдеби-зерттеу мәселелеріне қайта оралып, “Қазына” (1984), “Жүректің отын сөндіріме” (1988) монографияларын жариялады. Досанов соңғы жылдары “Жиыrmасыншы ғасыр” (1998), “Аптаның екінші күні” (2003), “Қылбұрау” (2003), “Ұйық” (2005), “Тұйық” (2007) романдары мен “Дүние жалған” (2007), “Жусан исі” (2007) повестер мен әңгімелер жинақтарын жарыққа шығарды. “Дауыл”, “Ертең бюро”, “Тозақ шеңбері” пьесалары республикалық және облыстық театрлар сахнасында қойылды. “Тау жолы” (1981), “Ақ аруана ” (2001), “Жиыrmасыншы ғасыр” роман, повестері орыс тілінде, “Ақ аруана” (2007) француз тілінде жарық көрді.

Көптеген роман, повесть, әңгімелердің авторы. «Қайырлы таң», «Жанр тағдыры», «Сексен бестің көктемі», «Адаспаңдар, адамдар», «Тотем под чадрой», «Тензор степного кургана» атты кітаптары бар. 1998 жылы мемлекеттік «Санат» баспасынан қазақ тілінде, ал 2003 жылы Мәскеудің «Советский писатель» баспасынан орыс тілінде «Жиыrmасыншы ғасыр»

романы жарық көрді. 2002 жылы «Советский писатель» баспасынан таңдамалы шығармаларының бір томдығы жарыққа шықты. «Дауыл», «Ертең бюро» атты драмалары М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында, Атырау, Жезқазған, Семей, Тараз, Бішкек қалалары сахналарында қойылды.

Марапаттары

1999 жылы елбасының жарлығымен "Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері" құрметті атағымен марапатталды.

"Алаш" халықаралық әдеби сыйлығының иегері.

2000 жылы Ресейдің Шолохов атындағы Халықаралық сыйлығының иегері;

2007 жылы Қырғыз Республикасының "Алтын қалам" әдеби сыйлығының иегері;

2012 жылы Елбасының жарлығымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды.

Еліміздің жоғарғы мемлекеттік марапаты "Парасат ордені" мен марапатталған.

Ресей педагогика және әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі.

2016 жылы "Қазақстан тәуелсіздігіне 25 жыл" медалі.

Рухы биік жазушы

Анкарада өткен түрік әлемі ақындары мен жазушыларының фести-



валінде белгілі жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәбит Досановтың түрік тілінде шыққан «Ақ аруана» атты кітабының тұсауы кесілді.

Тұсаукесер рәсімін жүргізген Әзірбайжанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Әзірбайжан Парламентінің депутаты Ганира Пашаева түркі әлемі қаламгерінің «Ақ аруана» кітабы жайлы жылы лебізді пікірлері үшін алғысайтты. «Ақ аруана» кітабына енген хикая мен әңгімелерді түрік тіліне

аударған түрік жазушысы Имдат Афшар, оны жарыққа шығарған Түркиядағы белгілі баспалардың бірі – «Айсу йайынчылык». «Ақ аруана» үстіміздегі жылы Бакуде де жарық көрген болатын. «Короглу» журналының желтоқсан айындағы санында Сәбит Досанов шығармашылығы жайлы көлемді мақала да жарияланды.



Әдеби сынымыздың белсенділігі төмендеп кеткендіктен болар бірқатар жазушылардың бірқатар аса елеулі шығармалары елеусіз қалып келеді.

Соның бір дәлелі, көркемсөздің көрнекті шебері Сәбит Досановтың қырық жыл бұрын жарияланған, кейін бірнеше рет қайталанып жарық көрген, оны айтасыз Мәскеуде, Парижде, Ташкентте, Бішкекте, орыс, француз, өзбек, қырғыз, т.б. тілдерде жеке кітап болып шыққан «Аруана» атты повесі. Алыс, жақын шет елдердегі әдебиет білгірлері, атақты жазушы сыншылар аса жоғары бағалаған осы «Аруана» повесі қазақ әдеби сынында әлі күнге дейін өзінің әділ бағасын алған жоқ. Рас, Сәбит Досанов шығармашылығы туралы сөз еткенде, оның сан қырлы жазушы екені айғақтай айтылады. Ол әдебиеттің үш жанрында, көбінесе проза, поэзия, драма атты үш саласында бірдей қалам сілтеп келеді. Әдебиеттану ғылымының сын жанрына да тер төгіп «Соңғы іздер», «Қазына», «Жүректің отын өшірме» атты сын жинақтарын шығарған. Қазақ әдебиеті тарихында әдебиеттің барлық жанрында шығармалар жазған бірінші адам Сәбит Мұқанов екен, содан кейінгі екінші жазушы осы өзіміздің кәдімгі Сәбит Досанов. Сәбит шығармаларында қай жанр басым десек әрине прозалық шығармалары бірінші орында тұрары анық. Дегенмен, Сәбиттің ақындығы да осал емес. Ақынның ақындығы бір өлеңінен-ақ айқын байқалады дейтін қағидалы сөз бар. Сол сөзге жүгініп, Сәбиттің мына бір жыр жолдарынан үзінді:

Тағдыр неге мандайымнан өппейді,
Есіл ерлер көз алдымнан кетпейді.
Халықты емес қарында ойлар қазаққа,
Абылай, Бұқар, Қабанбай баба жетпейді.
Бұл өмірден небір жайсаң өтпейді,
Кемеңгерлер көз алдымнан кетпейді,
Тірлігі көп, бірлігі жоқ қазаққа,
Төле, Қазыбек, Әйтеке би жетпейді.
... Ақылмандар көз алдымнан кетпейді,
Құр жылаумен көздің жасы кетпейді.
Бағаламасаң бағыланың мен барыңды,
Тарих бізге нұр-шұғыласын төкпейді!

Осынау өлең жолдарындағы ақынның айтар ойы оқырманын еріксіз елең еткізері анық. Және кім-кімнің де көкейіне қона кетерін, санаңа салмақ түсіретін азаматтық ой. Поэзиядағы азаматтық әуен, азаматтық, патриоттық үн дегеніміз міне осы. Шынында, тірлігі көп бірлігі жоқ қазаққа қазір атақты үш бірдей дана тұлғалар жетпей отырғаны, сондай кемеңгер көсем ақыл иелерін аңсап жүргеніміз ақиқат емес пе? Бұл ақынның көптің ойының дәл үстінен дөп түсіп айта білуі деген сөз. Жырдың ұйқастары да келісті топтасқан. Үш буынды, толымды, жарау аттай желісті ұйқаспен жазылған.

Соңғы өлең төркінін ақын бағыланыңды бағалай біл қазақ! Деп салмақты ойтастайды.

Ақын қазақ деген тірлігі көп, бірлігі жоқ халқы үшін, оның бүгіні мен болашағы үшін қам жеп, қатты қамығып жүреді.

Полигон - жүректегі жарам менің,

Аралым мен өзіңе алаң едім.

Қазағым енді қайтіп күн көрер деп,

Жүк түскен жүрегіне балаң едім.

Сол аздай дайындықсыз нарық келді,

Байлықты жылпозстарға алып берді.

Ғылым мен мәдениет жетімсіреп, Тағы бір таукіметті алып келді, -деп қазіргі шындықты айтып күрсінеді.

Орыстың ұлы ақыны Некрасовтың: «Ақын болу өз еркін, бірақ азамат болу парыз-міндетің» деген тамаша қанатты сөзі бар. Бұл жазушы болсаң да, ақын болсаң да алдымен азамат болуың керек деген сөз.

Сәбиттің өлеңдерінен де, прозалық көркем шығармаларынан да, очерк-суреттемелерінен де Некрасов талап еткен азаматтық үн-әуен менмұндалып көрініп тұрады. Сәбиттің азаматтық позициясы айқын.

Халық қамын жеген ұлға азап көп,

Правдадан сөйледім мен қазақ боп.

Қаламымды қару етіп жұмсадым,

Тәуелсіздік алғанша елім азат бол.

-деп ақын ағынан ақтарылады. Сәбит қалай Сәбит болды? Қалай танылды? Өз талантын жазушы-қаламгерлер ортасында қалай танытты, қалай мойындатты? дегенге келсек, жазушыларды, әдебиет сыншыларын жалт қаратқан оның «Аруана» повесі дер едік. Мен оны бір кезде, яғни бұдан қырық жыл бұрын оқырман есебінде оқып сүйсінген едім. Кеше оны сыншы көзімен қайта оқып шықтым. «Аруана» туралы соншама тамсана мадақтап жазғандардың берген аса жоғары бағаларының қаншалықты растығына көз жеткізгім келді.

Жазушылардың қаламынан әр тұста әрқалай туындылар туып жатады. Көркемдігі кемшін, оқиғалары жасандылау болып олқылықтар орын алатын кездері кездеседі. Ол күнәдан Сәбит те пәк емес. Бірақ «Аруана» повесі құйылған қорғасындай, салмақты, мінсіз шыққан шын мәнінде қоспасыз классикалық дәрежедегі шығарма екеніне толық көзім жетті. Мен «Аруананы» Шыңғыс Айтматовтың «Жәмілә», Эрнес Хемингуейдің атақты «Шал мен теңіз» атты шығармаларымен қатар қояр едім. Бұл тарихи, философиялық, психологиялық аса тартымды, көркемдігі де аса жоғары повесть. Шығарма қалмақ шапқыншылығына ұшырап, жау қолында тұтқында кеткен аруана інген, жас батыр Тауман мен қарындасы ару қыз Қазына және оның сүйген жігіті Қылышбайдың туған жер мен туған елді аңсап жау жерінен қашып шығуы, сол ауыр жолдағы қуғын-сүргін күрестерді тамаша суреттейді. Аруана-інген қуғыннан қашып, қамаған, талаған,

қасқырлармен арпалысып, ақыры туған жерге, иесінің босағасына келіп жетіп, жан тапсырады. Қазына жауға жар болмайын деп қаза табады.

Тауман ғана.

Жүрекке сөзі дәру-дәрі болған,

Арулар елдің намыс ары болған.

Ауырады жүрегім қыздарды ойлап,

Шарасыздан жауының жары болған!

Көркем шығармаға қойылар басты талап оқиғаның тартымды, нанымды болуы ғана емес, көркем шығарма көркем, әсерлі шұрайлы тілмен жазылуы тиіс. Қазақ тілінің - ана тіліміздің керемет байлығы, образдылығы, бейнелігі көркем шығармадан көрініс табуы керек. Көркемдік кестедегі: эпизод, метафора, балау, теңеу, суреттеу, әсерлеу т.б. айшықты сөздер молынан қолданылып көктемгі қызғалдақты қырлардай көздің жауын алуы керек. Сәбит - жазушының тілі аса бай. Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсіреповтен бастап, орыс, татар, грузин т.б. ұлттардың оқырмандары, жазушылары, сыншылары Сәбиттің тіліне сүйсініп, тамсанып тамаша пікірлер жазған. «Аруана» ақ өлеңмен жазылған поэма деп бағалаған. Шынында солай. Сәбит суреттеудің үздік шебері. Ақын үшін, жазушы үшін мың мақтау сөзден өз шығармасынан бір ауыз өлең, бір үзінді оқып берсең, сол артық. Сол тұрғыдан келіп бірер үзінді оқылық. «Аруананың әлде бір алыс сапарды аңсап алабұртқанына, міне, бүгін алтыншы тәулік. Қатыгез тағдыр жау жеріне еріксіз жетелеп әкелгелі аттай жетпіс күн өтіпті арада. Содан бері аруанаға бір тылсым күш күні-түні тыным бермейді. Көңіл алыс қалған өлкені аңсап, беймәлім бір түйсік тықыршытады. Сонан бері оның қап-қара, мөп-мөлдір, үлкен көз қарашығында туған жердің аспаны аунақшып, аққу қанатындай ақшарбы бұлттар жүзеді. Көз алдынан өзі туып өскен өлкенің көкшіл көлдері, көкторғын сағымы көлбейді. Алабота мен түйемойнақтың, жусан мен жантақтың, изеннің ашқылтым исі мұрынын жарады... Соның бәрі көңілін тербейді, жаудыраған жанарына сағыныш жасын оралтады. «Тәңірім-ау, төскейінде жайрандап жүрген, тайрандап шапқан шақтарда, білмеппін ғой мен бейбақ туған жердің қадірін» деген зерде сезім оның жатса-тұрса дұғасы» деп басталған шығарма қажет кезінде: «Аруана желмаядай желіп келеді, арманына еріп келеді. Арқа жоны күнге күйді, дала желі бетін сүйді...» деген ақ өлеңмен өрнектеледі. Шығарманың түйіні де тап-тұйнақтай. Бір ғана мысал:

«Тағдырдың тас қамалын талқан қып, туған жер төсіне жетіп жығылған аруананың көл-көсір көз жасын көргенде ел ішіндегі кейбір ездердің еркектігі есіне түсіп, жауда кеткен есесін ойлады, азапты кешіп, ажалмен кезіккен аруананың қайраты мен қайғысы әйелдердің де жігерін жаныды. Еңбектеген бала мен еңкейген қартқа дейін іштей ширығып, шымырқанды. Кеудесін кек кернеген ауыл адамдары дәл қазір таулы-таяғы қалмай атқа қонуға дайын еді. Аруана әлі ағыл-тегіл жылап жатыр. Ол көкірек толы мұңын сөзбен емес, көзбен айтады. Тілсіз жануар жаудың жалғыз ботасынан тірідей айырған қатыгездігін, жат елдегі қайғысын, өзінің шеменде шерін,

күйреген күйін, ажал алдындағы азасын, тартқан азабы мен тапқан арманын... жанардан аққан жаспен баяндайды. Елдік жолы, ерлік салты қасиетті туған жерді қастерлеу, сол үшін егер қажет болса, дозақ отына түсіп, қияметтің қыл көпірінен өту дейді ол». Маған Сәбиттің «Аруанасына» айтылған көптеген мадақ пікірлердің ішінен ең қатты ұнағаны, ең әділ айтқаны грузин ақыны Мурман Джгубуряның сөзі болды. Ол былай дейді: «Аруананы қазақ мектептерінде оқытатын шығар. Бұл поэманы басқа да мектептерде оқыту керек. Өйткені мұның маңызы өте зор. Бұл - табиғат туралы, соғыс пен бейбітшілік туралы, жат жер мен туған жер туралы поэма, адамның жан дүниесінің кеңдігі туралы тамаша толғау. «Аруана» - асыл тас, бриллиант, ғажап поэма! Міне бұл шындық сөз, әділ баға! Сәбит тірлігі көп, бірлігі жоқ қазақ жазушысы болмай, өзбек немесе грузин жазушысы болғанда «Аруана» баяғыда мектеп оқулықтарына енеді екен. Әлде де кеш емес, жоғары сынып әдебиет хрестоматиясына енгізу керек-ақ. Табиғатты, туған жерді, атамекенді сүюге баулитын, патриоттық сезімді туғызып тәрбиелейтін мұндай көркем туынды керек.


Қазақ прозасының жаңа биігі



Жиырманшы ғасырдың алпысыншы жылдары қазақ әдебиетіне қаламгерлердің жаңа, қуатты толқыны келіп қосылды. Мұхтар Әуезов талантты толқынның жаңалықтарымен келгеніне кезінде тебірене толғанған екен. Қазақ әдебиетіне дүркін-дүркін қосылып жатқан дарынды қаламгерлер ұлттық сөз өнерінің үздік дамудағы жолын жалғастырып келеді. Қазақ әдебиетінің осылайша ғасырлар бойы жалғасқан көркемдік даму желісінде көрнекті жазушы Сәбит Досанов та бар. Оның прозалық шығармалары ұлттық сөз өнерін әлемдік деңгейде танытуымен ерекшеленеді. Жазушының Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі жарияланған жаңа тарихи кезеңіндегі шығармашылық жемістері қазақ әдебиетінің ұлттық беделін биіктете түсті. «Жиырманшы ғасыр» атты роман-эпопеясы — қазақ халқының соңғы жүз жылдық тарихын көркем шындықпен қамтыған көрнекті туынды. Қазақ тарихындағы қоғамдық-әлеуметтік оқиғалар, көрнекті тұлғалар көркемдік шындық заңдылығы бойынша эпикалық баяндау, кейіпкерлерді даралау, мінездеу жолдарымен сенімді суреттелген. Нақтылап айтқанда, жазушының роман-эпопеясы құрамындағы тарихилық желісіндегі деректер жүйесінде мынадай қоғамдық-әлеуметтік құбылыстар саралана көрінеді: Қазақстанды тұтастай құрсаулаған Ресей патшалығы империялық-отарлық басқару-әкімшілік жүйесінің, зорлық-зомбылықтары; қазақ даласының ең маңызды өңірлеріне орыс шаруаларын жаппай көшіріп қоныстандыру, отарлау саясатына қарсы қазақ қайраткерлерінің демократиялық-революциялық іс-әрекеттері, ұлт-азаттық көтерілістерінің,

ұлттық ояну қозғалыстарының өрши түсуі, орыс революциялары мен Азамат соғысы аласапыран оқиғаларының қазақ тұрмысына жат зардаптары, қазақтың діліне, дәстүріне жат зорлық-зомбылықтар (халықтың мал-мүлкін тәркілеу, күштеп ұжымдастыру, қазақтың аштықтан қырылғаны, шетелдерге босып ауып кеткені, ұлт қайраткерлерін, ел азаматтарын жаппай қуғын-сүргінмен тұтқындау, атып өлтіру, жер аудару, т.б.), қазақты өз жерінде азшылыққа айналдыру, қазақ даласын атом сынағы, ғарыш аймағы алаңдарына айналдырып экологиялық зардаптарға ұшырату, т.б. ұлтты жоюға арналған ғасырлық апат келбеті эпикалық-панорамалық суреттеумен қамтылған.

Сәбит Досанов роман-эпопеясының негізгі кейіпкері – қазақ халқы. Қаламгер қазақтың ежелгі замандардан бүгінгі күндерге дейін ұлттық және әлемдік рухани құндылықтарды қатар меңгерумен танылған халық екендерін танытуға күш салған. Басты кейіпкер Нұрдәулет қазақтың оқымысты зиялыларымен тығыз араласады, өзі де оқиды, ауыл-аймағындағы талапты ұл-қыздарды да алыс-жақын шетелдерде оқытады. Бұл қазақтың дәулетті адамдарына тән қасиет екендігін жазушы алғаш рет осы көркем, көкейге қонымды эпизодтар арқылы бейнелеген. Жазушының тағы бір жаңалығы – ХХ ғасырдың басында Еуропа қалаларында оқыған қазақ ұл-қыздарының да болуы мүмкіндігін көркем шындықпен дәлелдегені. Айжанның Парижде, Сорбонна университетінде оқығаны, одан кейін Мәскеудегі Шығыстану институтында қызмет істегені соған дәлел. Эпопеяның төртінші кітабында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі салтанат құра бастаған алғашқы онжылдықтағы ауылдарда да, қалаларда да орын алған жұмыссыздық, күнкөріс үшін ұсақ саудамен айналысқан алыпсатарлық, жалдамалы кәсіппен күн көру үшін атамекендерді тастап қалаларға қарай үдере көшу, тәнін саудаға салған жезөкшелік, атақоныстардың жатжерліктерге, пысықай, алаяқ «жаңа қазақ кәсіпкерсымақтарына» сатылғаны, соған орай жекеменшіктік-қатыгездік психологиясы жендеттік іс-әрекеттерінің күшейе бастағаны, материалдық және рухани мәдениет салаларының барлығында да етек алып кеткен сыбайлас жемқорлық, т.б. сан алуан күрделі қайшылықты жағдайлар сыншыл реализм әдісімен байыпталған. Роман-эпопеяның төртінші кітабында ХХ ғасырдың 80-жылдарындағы елеулі тарихи оқиғалар (1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі, Алаш көсемдері- зиялылары Әлихан Бөкейхановтың, Ахмет Байтұрсынұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Халел Досмұхамедұлының, Мағжан Жұмабаевтың, Міржақып Дулатовтың, Жүсіпбек Аймауытовтың ақталғаны, 1937-1938 жж. саяси қуғын-сүргін құрбандарын, аштықтан қырылғандарды еске алу рәсімдерінің белгіленгені, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жарияланып Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болғаны, ұлттық валютамыз – теңгенің, мемлекеттік рәміздеріміздің (Ту, Елтаңба, Әнұран) қабылданғаны, т.б.) эпикалық кең тынысты сипатпен қамтылған. Романда Тәуелсіз Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саяси, экономикалық, дипломатиялық, қарым-қатынастар жүйесін қалыптастырғаны, материалдық және рухани мәдениет салаларындағы



күрделі мәселелердің біртіндеп оңды жетістіктермен жүзеге асырыла бастағаны деректер негізінде берілген. Ядролық атом сынағының тажалды орны Семей полигонының жабылғаны, Елорда Астананың Сарыарқа төрінде бой көтергені, әлемдегі алпауыт мемлекеттер (АҚШ, Ұлыбритания, Түркия, Ресей, Қытай, т.б.) басшылары мен Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Елбасылық қызметі де жоғары тең дәрежелі деңгейде танылып бағаланғаны,

т.б. – бәрі де романның көркемдік шешім тұғырнамасын айқындай түседі. Романда жеке басының адамгершілік-имандылық ұялаған қасиеттері, ұрпаққа өнеге қабілеттері (атқұлағында ойнайтын шабандоздығы, тау шаңғысымен сырғанайтын, тенниспен, гольфпен ойнайтын спортшылығы, күйді де тартатын, терме-толғауларды, халық әндерін шырқайтын домбырашы әншілігі, көркем әдебиетті көп оқитындығы, жаратылыстану және қоғамдық, техникалық ғылымдар салаларына жетік ғұлама ғалымдығы, т.б.), баянды бейбітшілікті, адамзат ұрпақтарының татулығы мен ауызбіршілігін нығайтудағы бітімгершілігі, Қазақ Елін дамытуға ұштастырған көреген саясаткерлігі – бәрі тұтасқан Ұлт Көшбасшысы-Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи-әдеби бейнесінің реализм әдісімен толыққанды сомдалғанына сүйсінеміз. Роман құрылысындағы осы қайраткер тұлғаның Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігін мәңгілік баянды ету жолындағы барлық іс-әрекеттерінің басты ұстанымы туған халқына деген азаматтық-перзенттік махаббаты екендігі дәлелденеді. Жазушы Ерасылмен сұхбаты кезінде Нұрсұлтан Әбішұлының пікірі – Тәуелсіздікті баянды ету жолындағы Қазақ ұлты негізіндегі мемлекетімізді мәңгілікке нығайтудың айқын бағдары екендігі ақиқат: «Көлеңкемізден қорқып ұлт намысын қорғай алмасақ, кім болғанымыз?» – деді Нұрсұлтан. – Сосын ұлы халық, кіші халық деген жоқ. Халықтың бәрі ұлы. Ұлттың ұлылығы санымен емес, дүниежүзілік мәдениетке қаншалықты үлес қосқанымен есептеледі. Әлемдік деңгейге көтерілген ұлы перзенттерін халықтың санына шаққанда қазақ ешкімнен кем емес. Мен ұлы халық деген ұғыммен келіспеймін. Саны аз халық, саны көп халық болатыны хақ. Бірақ, аға халық жоқ. Бұл – қазіргі Тәуелсіз мемлекетіміздің негізгі иесі, әлем халықтарына достық, бауырмалдық, қарым-қатынастарымен, елдік мәртебесімен танымал болып отырған Қазақ Ұлтының мәртебелі беделін нығайтқан нағыз Ұлт Көшбасшысының-Елбасының қайраткерлік ұстанымы.

Сәбит Досановтың «Жиырмамыншы ғасыр» атты роман-эпопеясының төрт кітабына ортақ бір желі бар. Ол – қазақ даласының табиғатын романтикалық сарынмен бейнелеуі, өрнектеуі. Жазушы романдардың



идеялық-композициялық желісіндегі сюжеттік бөліктердің поэтикалық әсерлілігін пейзаждық суреттеулерімен ажарландыруға айрықша орын беріп отырады. Романдарда қазақ даласындағы өзендер, көлдер, ормандар, аңдар мен құстар, өсімдіктер, т.б. барлығы да кейіпкерлердің ұлттық отаншылдық, перзенттік-азаматтық сезімдерінің романтикалық сарындарға толы жан әлемін таныту қызметін атқарған.

Төрт кітаптың барлығында да сюжеттік-композициялық желілерді өзара сабақтастыру қызметін атқарып тұрған Ақбас бүркіт эпикалық-символдық поэтикалық мәнімен көрінеді. Композициялық тұтастандыру қызметін атқарып тұрған Ақбас бүркіт – қазақтың ата-бабалық мәңгілік өлмес рухының поэтикалық-романтикалық, символикалық бейнесі. Ақбас бүркіт өзінің қапияда айырылып қалған сыңары Көкдауылын сағына, оның рухымен сырласа жүріп, қазақ даласында ғасыр бойы жүріп жатқан оқиғаларды зеңгір көктен бақылайды, бағалайды, жақсылыққа сүйінеді, жамандыққа күйінеді. Роман-эпопеяның бірінші кітабында Ахмет Байтұрсынұлымен сұхбаттасып отырған басты кейіпкер Нұрдәулет Бабахановтың сөзі де эпопеядағы идеялық-композициялық желілерді романтикалық бояуларымен әрлендіріп тұрған осы мифологиялық негіздегі көркемдік тәсіл шарттылығының поэтикалық мәнісін айқындайды: «Біздің арғы шешеміз о дүниеге аттанар алдында, өз аруақтарының рухын екі ақбас қыранға табыстап кеткен екен. Содан бері қарай олар да, тұқымдары да осы жерде өмір сүріп келеді, осы қырандар бізді бақытсыздықтан, қайғы-қасіреттен аман сақтап келе жатыр. Жауыз Жоңғарлардың өзі де бұл жерді сырт айналып өтіпті.

Демек, көркем шындық поэтикасымен сомдалған Ақбас бүркіт – ғасыр бойы болып жатқан жақсылықтар мен жамандықтардың бәрін басынан кешірген ұлттық рухымыздың талмас қанатты қыран құстай қуатының көрсеткіші. Ақбас бүркіт – тілі шұбарланған, даласы жатжерліктер құрсауына шырмалудан шығуға ұмтылған өр рухты қазақтың халықтық көңіл-күйінің көрсеткіші. Эпопеяның төрт кітабының идеялық-композициялық желілерінің бәрінде де қазақтың ата-бабалық рухының сергек болмысындай романтикалық сарынды көркем шындық қуатымен Ақбас бүркіттің поэтикалық әсерлі монологтары беріліп отырады. Эпопеяның төртінші кітабының соңында қазақ қоғамының дамуына кедергі боп отырған, бірақ сырты ғана қайраткер, «басшы», «іскер», ал жан ділі жиіркенішті «...жаңа қазақтар Бексұлтан Бұлақбаевич, Парламент Мәжілісінің депутаты Зұлқайнар Есенжанович, бизнесмен Күрлеу Қапалбаевич» – үшеуі тікұшаққа отырып аң аулап, «... сол күні екі арқар, бір қасқырды атып...» алып, арақ ішіп, тамақтанып отырып, есіріп төбелерінде ұшып жүрген қасиетті Ақбас бүркітті атып түсіреді. Романның көркемдік түйіні – рухани азғындаған қазіргі кейбір қазақ ұрпақтарының жауапсыздығы салдарынан ауып-тоза

бастаған Алаштың айбынды Атажұрты қазақтың Ұлы Даласын сақтауды Ата-Баба Рухы – Ақбас бүркіт арқылы ұғындыру: «Ақбас бүркіт бұларды айналып ұзақ ұшты. Ол әбден азып-тозып бара жатқан қазақ жері үшін қатты қайғырулы еді. Табиғат-Анаға адам қолымен жасалған тағылықтардың шектен шығып бара жатқаны жанына батқасын «Бұл бассыздықты тоқтату керек!» деп ойлады ол. Көл жағасында отырған топқа жақын келіп жанай ұшқан Ақбас бүркіт тынымсыз шаңқылдады. Оның: «Айналайын, Адамдар, адаспаңдар! Табиғат-Ананы қорғандар! Тым болмаса, мына Ерейментау сынды әлі де болса азбай, тозбай тұрған аз ғана өлке, өңірлерді аздырмандар!» деген жанайқайын төменде отырған қасқырдан бетер қатыгез жаңа қазақтар ұққан жоқ» Кең тынысты философиялық-психологиялық мегзеулі, астарлы поэтикалық мағыналары мол роман-эпопеяның көркемдік-эстетикалық ұлағаты ұлттық-отаншылдық пен жалпыадамзаттық гуманизм тұтастығымен баурайды. Жазушы авторлық баяндауларымен де, кейіпкерлердің диалогтарымен де, монологтарымен де, аңыз әңгімелерімен де, халық даналығы мақал-мәтелдерді қолдануымен де, өзіндік авторлық афоризмдерімен де шығарма шырайын аша түскен. Халқымыздың көркемдік-эстетикалық дүниетаным қазынасы мен әлемдік сөз өнері құндылықтарынан нәр алған талантты жазушының суреткерлік шеберлігі төрт кітаптық эпопеяның тұтас желісіндегі әр алуан адамдар тағдырларына арналған сюжеттік бөліктерді эпопеяның біртұтас идеялық-композициялық тұтастығына кіріктіре біріктіруімен ерекшеленеді. Классикалық шығармаға тән ерекшеліктердің бірі – сюжеттегі оқиғалар мен кейіпкер көңіл-күйіндегі құбылыстарды табиғат құбылыстарымен үндестіре суреттеуге негізделген психологиялық негіздеулер де эпопеяның барлық кітаптарының көркемдік сипатында мол ұшырасады. Соңғы кездері «Қалың кітаптар оқылмайды, романның дәурені өтті» деген пікірлер айтылып жүр. Бұл қате. «Романның күні қараң» деген сөз өткен ғасырдың орта тұсында біраз белең алып, одақтық «Литературная газетада» қызу талқыланып, осы негізсіз пікірге Л.Леонов, М.Әуезов, Ю.Бондарев сынды әдебиет алыптары баспасөзде жарияланған мақалалар арқылы тойтарыс бергені есімізде. Сайып келгенде, шығарманың оқылу, оқылмауы оның көлеміне емес, көркемдігіне байланысты. Нашар шығарма көлемі қанша шағын болса да оқылмайды, керісінше, көркемдігі жоғары жақсы шығарма болса, одан бас алмай оқисың. Оқырмандарды баурап оқылатын оқиғасы тартымды, тілі құнарлы көркем шығармалардың бірегейі – Сәбит Досановтың «Жиырмасыншы ғасыр» роман-эпопеясы. Қазірдің өзінде үлкен сұранысқа ие болып, оқырман қауымның іздеп жүріп оқитын (әрине, кітапқұмарлар үшін) шығармасына айналған «Жиырмасыншы ғасыр» туралы Әзілхан Нұршайықов былай деп жазыпты: «Бұл кітапты бастасаң болды, бас көтере алмайсың. Алып өзеннің ағыны айдап алып бара жатқандай күйге түсіп, бас көтерместен оқи бересің. Ана оқиға не болар екен, мына мәселе қалай тынар екен деп қадаласың да отырасың. Кітаптың әр беті сайын көркем сөздің шырынын жұтып, масайып, марқаясың, жүрегің лүпілдеп, жаның лаулайды. Кейде қатты қайғырып,



ерінінді тістеп, қайта-қайта бас шайқайсың. Осының бәрі автордың сөз қуатының, оның ой ғаламатының күші». Әркез ақ сөйлеп, әділін айтатын Әзілхан Нұршайықовтың «Жиырманшы ғасыр» жайлы пікірін қуаттаған мақалалар бұл шығарма Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылмай тұрып аз жазылмаған екен. Солардың бәрінен емес, әрине, бір парасынан үзінділер келтіре кетейік.

Белгілі сыншы Иген Әймен «Жұлдыз» журналының биылғы 2012 жылғы алтыншы санында жарияланған «Бір ғасыр толғайды» атты көлемді мақаласында осы күрделі шығарманы талдап, сараптай келіп, өз ойын былай түйіндепті: «Жазушы Сәбит Досановтың «Жиырманшы ғасыр» роман-эпопеясымен – қазақ қарасөзінің (роман-эпопеясының) тұғыры онан әрі нығая түсіп, әлгі жоғарыда айтқан әлемдік романдармен иықтасып үлгеріпті... Осы айтылған тұрғыдан шығып, «Жиырманшы ғасырымызды» – Мопассандарды былай қоя тұралық, «Анна Карениналармен» салыстыра алар ма екенбіз... Әлбетте, салыстыра алады екенбіз. Қалайша қуанбассың!..».

Тағы бір көрнекті сыншымыз Жұма-Назар Сомжүреков былай депті: «Ақбас бүркіт – қазақ әдебиеті ғана емес, дүниежүзі әдебиеті шығармаларында да кездеспеген, бұрын-соңды болмаған тың символикалық бейне». Енді ғана сыншымыз Серағаңның – Серік Қирабаевтың пікірін оқып көрелік: «Қазақ қызы Айжанның бейнесі де қазақ әдебиетіне Сәбит қосқан жаңа, тың, ерекше бейне». Бұлардың бәрі – көңіл жықпастықпен ауызша айтыла салған сөздер емес, тасқа басылып, халыққа тараған пікір, жазушы талантына берілген аса жоғары баға. Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетінің тарихына өзіндік көркем шығармаларымен мол үлес қосып келе жатқан көрнекті жазушымыз Сәбит Досановтың шығармашылық әлемі көп ғасырлық тарихы бар қазақ халқына тән көркемдік ойлау дүниетанымы болмысын айғақтайды. Талантты қаламгердің көркем шығармалары Тәуелсіз Қазақстан жаңа әдебиетінің ұлттық рухани құндылықтары қатарында қазақ ұлтының ұрпақтарына және жалпы адамзат қауымына қызмет ете беретіні анық. Үш түрлі дәуірде – отаршыл, озбыр Ресей, қылышынан қан тамған қып-қызыл кеңес және Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті кеңістігінде өмір сүрген халқымыздың жүз жылдық тарихын төрт ұрпақтың әрқилы, аса күрделі тағдыры арқылы тегеурінді талантпен сенімді, серпінді суреттеп, ғасыр панорамасының аса көркем келбетін кемеліне жеткізе кескіндеген «Жиырманшы ғасыр» атты роман-эпопея Сәбит Досановтың ғана емес, ауыл арасынан ұзап, жаһандық кең өріске бет түзеген қабырғалы қазақ прозасының жаңа биігі.

Жазушы Сәбит Досановқа «Халықаралық түркі дүниесіне қызмет сыйлығы» берілді.




Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, сыншы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сәбит Досановтың көркем прозадағы алғашқы туындысы болып табылатын «Ақ аруана» повесі әлемді шарлады. Иә, осы уақытқа дейін де бұл еңбек орыс, француз, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, т.б. тілдерге аударылып, алыс-жақын шетелдерден лайықты бағасын алып үлгерді.

Жазушы – ұлт ұраншысы


Жазушының Түркия мен Әзірбайжанда жарық көрген «Ақ аруана» кітабының тұсаукесері Алматыдағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде өтті. Ұлттық рухты оятқан осынау шығарманы жарыққа шығарған Түркиядағы беделді баспалардың бірі – «Айсу йайынчылык». «Ақ аруана» кітабына жазушының өмірдің өзекті проблемаларын өткір көтерген «Жусан иісі», «Сыңсып ұшқан сыңар аққу» сынды әңгімелері енген.

Оқу орнының ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Серік Пірәлиев жүргізген әдеби кешке Мәскеу мемлекеттік агроинженерлік университетінің профессоры, қандасымыз Серік Тойғанбаев, белгілі өзбек қаламгері Мехманқұл Исламқұлов, қырғыздың көрнекті ақыны Марқабай Ааматов, Алматы қалалық тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжаттама басқармасының бастығы Мамай Ахет, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын Қасымхан Бегманов және Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен келген бір топ ақын-жазушылар қатысты. «Ақ аруананы» түрік тілінде сөйлеткен Түркияның белгілі жазушысы Имдат Авшар мен Әзірбайжан жазушысы Эльхан Зал Сәбит Досановқа «Халықаралық түркі әлеміне сіңірген еңбегі үшін» және «Түркі әдебиеті қорының» сыйлығын салтанатты түрде тапсырды. Жазушыны құрметті марапатымен арнайы құттықтаған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» ҚДП төрағасы Азат Перуашевтың жүрекжарды лебізін «Ақ жол» демократиялық партиясы төрағасының бірінші орынбасары, «Қазақ үні» газетінің президенті, ақын Қазыбек Иса жеткізді. Батыс Қазақстан, Қостанай облыстары мен Астана қаласынан келген делегация өкілдері де құттықтады. Қаламгерге түрік жазушысы Имдат Авшар мен әзірбайжан жазушысы Эльхан Залға Қазақстан тарихшылары қауымдастығы «Ақ жол» партиясының қолдауымен шығарған «Қазақ хандығының 550 жылдығы» медалі табыс етілді..



Досанов, С. Өмір сүру оңайма...–Жизнь долга, если она полна [Мәтін] : Көркемсөз. Көсемсөз. Өлең. Әң. Күй. Естеліктер / С. Досанов. – Алматы: «Арда», 2014. – 392 бет.

Досанов, С. Ақ аруана. Белая аруана [Мәтін] : хикая / С. Досанов. – Алматы: Арда, 2012. – 144 бет.




Досанов, С. Жиырманшы ғасыр [Мәтін] : Роман-эпопея Бірінші кітап / С. Досанов. – Алматы: «Санат», 1998. – 400 бет.



Досанов, С. «Тәуелсіздік толғауы» Көркем сөз, көсем сөз [Мәтін] : хикая / С. Досанов. – Алматы: «Қаратау ҚБ» ЖШС; «Дәстүр», 2017. – 384 б.


Досанов, С. Жиырманшы ғасыр [Мәтін] : Роман–эпопея. 4 кітаптық / С. Досанов. – Алматы: «Арда+7», 2018. – 544 бет.






Досанов, Он екі томдық таңдамалы шығармалары [Мәтін] : Екінші өмір: Роман. – 2 том. / С. Досанов. – Алматы: «Арда+7», 2018. – 504 бет.

Досанов, С. Махаббат пен сағыныш – Но лед в душе не тает... // [Мәтін] : Алтын діңгек көркемсөз. Алдаспан сынды көсемсөз. Сөз патшасы өлең. Естеліктер / С. Досанов. – Алматы: «Арда», 2014. – 216 бет.




Досанов, С. Аспан жылаған түн [Мәтін] : Әңгімелер / С. Досанов. – Алматы: Арда, 2012. – 208 бет.

Досанов, С. Қас қағым және мәңгілік [Мәтін] : Деректі хикая / С. Досанов. – Алматы: Арда, 2012. – 216 бет.




Досанов, С. Тұйық [Мәтін] : Роман / С. Досанов. – Алматы: «Арда», 2007. – 608 бет.



Досанов, С. Инемен қазылған құдық [Мәтін] : Хикая / С. Досанов. – Алматы: «Арда», 2015. – 136 б.

Досанов, С. Ақбас бүркіт [Мәтін] : Әңгімелер мен хикаялар / С. Досанов. – Алматы: Атамұра, 2008. – 432 бет.



Досанов, С. Қасқыр ұлыған түн [Мәтін] : Роман / С. Досанов. – Алматы: «Арда», 2014. – 296 бет.

Қажырлы қаламагер

Қазақ қаламгерлерінің арасындағы қым-қиғаш пікірлердің дені Сәбит Досанов прозасына келгенде айқыш-ұйқыш айқасып, сан алуан сөздер шайқасып, әр жаққа алып қашады. Әр шығармасы пікірлер қазанын қайнатқан қаламгерді елемеуге, ескермеуге бола ма? Әрине, болмайды. Демек, ол жұрт назарын аударар алатын жазушы. Бірақ, қалай болғанда да Сәбит Досанов қаламы назар аударуға тұрарлық тұлғалы, тұрлаулы қалам. Оның шығармаларындағы көркемдік бояулар қарапайымдылығымен, бірақ шынайы өмірлік кескінімен көрінеді. Оның орыс тіліне аударылған кітаптары үлкен аудиторияларды баурап, оған талай атақтар мен марапаттарды әкелді. Сәбит Досановтың әр кезеңдегі шығармаларына пікір айтқан, лебіз білдірген, ойларын ортаға салған қаламгерлердің, көрнекті зиялы қауымның ұзақ тізіміне қарап отырып, оның қаламгерлік, азаматтық келбетін жан-жақты, жаңылмай көруге болады.

Бұдан көп жылдар бұрын оның қаламгерлік қуатын анық танытқан бір туындысы – «Ақ аруанасы». Кезінде бірінші, Сәбит Мұқанов: «С. Досановтың «Аруана» хикаясында түйе мен оның ботасын сипаттауы адамнан бетер. Тілсіз түйенің туған мекенін, балажандылығын сипаттағанда жазушы оқырмандарының сана-сезімін толғандырып, кейде көзіңе жас алғандай халге келтіреді. Кейбір сипатында жақсы ақындар дәрежесіне көтерілген автор қазақ тілінің қайдағы бір тәтті балын тамызады» деп ақжарма пікір айтады. Әрі ақын, әрі прозашы, оның үстіне қазақтың төрт

түлігінің қыры мен сырын қапысыз білетін үлкен С. Мұқанов кіші С. Досановтың шығармасына шынайы ағынан жарылып, пікір түйюі жайдан-жай болмаса керек. Атағы жер *жарған Сергей Михалков не дейді дейсіз: «Образ белой аруаны приобретает символический размах, рождая философские размышления общечеловеческого значения»* деп ой түйеді. Әрине, ол үлкен түйе жанын терең түсіне алмас, бірақ шығарма жанын терең түсінгені даусыз.

Сәбит Досановтың жаны – ақын, жалауы – жыр. Оның поэтикалық палитрасы көркем прозада публицистикалық қуат пен романтикалық рең арасында құбылғанмен, шығарманың өн бойындағы сезім мен сенім адам жанын баурап, өмірдің өзіндей болып көрініп, қарапайым сөзбен көңіліңе сәуле түсіреді. Қазір көркем жазу, төгілтіп теңеу, көсілтіп көш-құлаш сөйлем түзу маңызды болмай қалды. Сөзге де қайта жаңғырту тәсілі кірді. Бірақ ол көз қарықтыратын сансыз құбылған сағымды түстер емес, прагматикалық іс-шараны идеялық мұратқа байлаған ой мен ұсыным. С.Досановтың шығармаларындағы кейде көрініп қалып жататын «қарадүрсіндік», егер осылай деп айтуға болатын болса, сөз қуған жандардың тарапынан қабылданбай жатса, ол ой қуған жанның олақтығы емес, мақсат көздеген мұратшыл қаламның ізденісі. Бір әдебиетші әлемде 18 тақырып бар десе, енді бірі бар болғаны 32 тақырып деп өзеурейді, тіпті енді біреулері бар болғаны 8 тақырып деп оның ауқымын тарының қауызына сыйдырып жібереді. Оның тақырыптары қашанда ұлт жанының өзгеге ұқсамас қалтарыстарын көрсетуде өзінің қуат-деңгейін қапысыз байқатып жатады. Ұлтқа тән ұялас тақырыптар оның шығармашылығының басты қырларының бірі.

Жазушының «Жиырмасыншы ғасыр» эпопеясы өткен ғасырдың өмірбаяны секілді үлкен полотно. Мұндағы кейіпкер – ХХ ғасырдағы қазақ ұлты. Оның тағдыр-талайы, бастан кешкен баяны, қилы кезеңі, көрген қорлығы, бастан кешкен зорлығы, мың өліп, мың тірілген жанкештілігі, сатқындық пен аярлықтың көңіл суытқан көріністері, үміт пен күдік, арман мен аңсар, мұң мен зар, қысқасы қазақ деген халықтың ұлттық портреті. С. Досанов жанкешті, еңбекқор, тынымсыз, ізденімпаз, ізетшіл, қайсар қаламгер. Қаламнан қолы босамайтын жазушы. Ол осынау 75 жылдық ғұмырында 30 томдай кітап жазған. Оның бәрі оқырман назарына ұсынылды. Бір процент талант, 99 процент еңбек деген кесімді қағида оның басты кредосы. Оздым деп мақтанбайтын, қалдым деп даттанбайтын қаламгер. Жазушының 75 жылдық мерекесі орайында ардақты академик, абыз ағамыз Серік Қирабаев «Егемен Қазақстан» газетінде «Баянды бақыт» деген бір беттік мақаласын оқырмандар назарына ұсынды. Бұл мақала Сәбит Досанов шығармашылығына толықтай баға берген толымды да болымды еңбек. Қария қаламгердің қапысыз көрер ой көзі жазушы еңбегінің ауқымы мен орамын жазып діттеп, жаңылмай тап басқан. Қазақ әдебиетінің қабырғалы қаламгерлерінің бірі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәбит Досанов туған әдебиеттің туын көтеріп келе жатқан үркердей топтың ортасында өзіне тиісті салмақты салиқалы түрде көтеріп келе жатқан қайраткер. Ұлтқа бар болмысымен қалтқысыз қызмет жасап келе жатқан перзент.

Қаламы жүйрік, қадамы жүйрік бұл ағам,
Бірлерге жақпай, мыңдарға бірақ ұнаған.
Сұлулық көрсе түсініп оны, сынаған,
Қиындық көрсе қара нар болып шыдаған.
Қаламы жүйрік, қадамы жүйрік бұл ағам,
Ағалар менен анаға ылғи ұнаған.
Ініні көрсе үйіріліп түсер мінезі,
Жұртына бақыт, жақынға жақұт сұраған.
Еңбеккер кісі ісімен көпке ғана ұнаған,
Қара сөзбенен ғасырдың жүгін құраған.
Мәскеу мен Париж қол соққан
оның сөзіне,

Алматы жағы етекпен тартып, құлаған.
Сәбеңмен аттас, жақсымен жақтас
бұл ағам,
Жақсылық көрсе жыр етіп оны құраған.
Құлап та жатып халқына бақыт сұраған,
Жай кісі емес, бай кісі деймін бұл ағам.

Қаламы қайраулы. Тағдырдың салғанын көріп, аса ауыр қиындықтармен
бетпе-бет келсе де, жазу алаңын тастап, бүк түсіп жатып қалған жоқ. Рухы
мықты, жаны қайсар, тілегі – ұлтының үстінде. С.Досановтың 75 жылдық
торқалы тойын қалың елі – қазағы ғана емес, ормандай орыс, қарағайдай
қырғыз жұрты кеңінен атап өтті. Мәскеуден маңдайы жарқырап оралды.
Бішкектен биіктеп оралды.

О, Ғабе,

...Жан-жағыма қарасам Сізді
көрем,
Сізді көрсем жомарт бір күзді
көрем...
Мұқағали.
О, Сәбе,
«Жан-жағыма қарасам Сізді
көрем»,
Қалам алып, Сіз жайлы түздім
өлең.
Аңыз-адам өзіңіз, нағыз адам,
Жігіттігі жарасқан үздік, ерен.
Азаматсыз арғыны көре білген,
Жомарт жансыз берместі бе
білген.

Сабырлысыз сабырсыз бұл
заманда,
Төзімдісіз төзбеске көне білген.
Қаламгерсіз қаруы бойындағы,
Жалаугерсіз жақсылық ойындағы.
Алау дерсіз аңсатшыл жаныңызды,
Досың түгіл, дұшпаның
мойындады.
Жылдар жатыр жігердің
құйынында,
Ащы, тұщы сыбағаң бұйыруда.
Мысқылың жоқ миық пен
қиығында,

Тонна жүк бар тозбайтын иығыңда.
Сізді сабыр әрқашан басқарады,
Азаматтық болмысың асқаралы.

Сұлу біткен сүзіліп қарайды әлі,
Самолеттер өзіңнен жасқанады.
Сізді көрсем далиған дала көрем,
Кейде дана, кей кезде бала көрем.
Жазғаныңыз желқанат жүйрік
сөздер,
Басын бермей құйғытып барады
өлең.
Бұл ғұмырда көрдіңіз ұрынғанды,
Сонда жаның жыртылып,
жұлымдалды.
Ұлттың жанын ұғатын ұл едің деп,
Ұры ажал да ұмтылып ұлыңды
алды.
«Ұлымды алса алсын» деп,
«ұлтымды алма»,

Биіктедің болмысқа ұмтылғанда.
Қаламыңыз қайралды намыс
жанып,
Жүрегіңіз қан-қан боп
жыртылғанда.
Сізді батыр көремін ақ беренді,
Мойынына салмаған жат көгенді.
Жиыrmасыншы ғасырды шалған
тарлан,

Ақбас бүркіт секілді ақпа өленді.
Балағыңа жармасты пендешілік,
Көре алмады жүргенді кең көсіліп.
Жеңіп шықтың жеті рет күрестің
де,
Бірге болды сол кезде елдес үміт.
Азаматтың ұнайды сойы маған,
Өміріңіз аңыздай, ойыма алам.
Жиырма бесте жаһанды
дуылдатқан,
Жетпіс бесте жігері мойымаған.
Өмір Сізге салса да сынақтарын,
Азаматтың ақ туын құлатпадың.
Мамырдағы Құралай самалындай,
Шаба берсін шабытты пырақтарың.

О, Сәбе,
«Жан-жағыма қарасам Сізді
көрем»,
Ұқсамайтын ешкімге үздік, ерен.
Аңыз-адам керек қой бұл заманда,
Аңызы жоқ заманның кейіпкері,
Өзің жайлы қуанып түздім өлең.
«Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйсі-
нерге жарар ол» демей ме абыз
Абай. Данышпанның дана сөзін
дала перзенттеріне арнасақ,
ұтпасақ, ұтылмаспыз.

***Өтеген Оралбайұлы,
ақын, Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткер***

«Қазақ үні» газетінің журналисі Гүлмира САДЫҚ-тың, Алты алашқа аты мәлім жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ресейдің Шолохов атындағы Халықаралық сыйлығының иегері, Махмұд Қашқари атындағы «Түрік әлеміне сіңірген аса зор еңбегі үшін» Халықаралық сыйлығының иегері, Ш.Айтматов, С.Есенин, А.Дельвиг атындағы, т.б. халықаралық сыйлықтардың иегері, профессор Сәбит Досановтың сексен жылдық мерейтойындағы салтанатты кештегі кездесуіндегі жасаған сұхбаттынан

Мен үшін мерейтой – той тойлау емес, ой толғау



– Сәбит Аймұханұлы, мерейлі 80 жасыңыз құтты болсын! Қазақтың біртуар ұлы Бауыржан Момышұлы жасы үлкен қарттарды: шал, қария, ақсақал және абыз деп төртке бөліпті. Отбасы, ошақ қасынан ұзап шыға алмай, түтін аңдып, үй аралап, саяси өсек айтатын қартты – шал; өз әулетін шашау шығармай уысында ұстап, билік жүргізген қартты қария, тұтас бір ауылдың жыртығын бүтіндеп, айдынын асырып отырған қартты ақсақал, елдің дау-дамайын шешіп, арғы-бергі тарихтан әңгіме қозғап, тұла бойына ұлттық рух, ізгі қасиеттерді молынан сіңірген қартты абыз деп атапты. Сіз еліміздің арғы-бергі тарихын қозғап, тарихи роман жаздыңыз. Сонымен қатар, қарымды қаламгер ретінде ұлтымыздың ұпайын қал-қадіріңізше әлі түгендеп келесіз. Бойыңыздағы ізгі қасиеттер адамдық биігіңізді асқақтата түсетіндей... Соған қарағанда, өзіңізді абыз биігіне көтерілген айтулы азамат десек артық айтқандығымыз болмас... – Рахмет айналайын! Абыз деген ат маған артықтау. Ол үшін әлі де еңбектене түсу керек деп есептеймін. Ақсақал деген ат маған әзірге жарасымды шығар



-Жалпы 80 деген жас қалай екен, көке? Мерейтой алдындағы көңіл-күйіңіз қалай?

– 80 жасқа жеткізген Аллаға мың да бір шүкір. Мұндай жасқа жеткен де бар, жетпеген де бар. Маған осындай нұрлы күнді көрсеткен Жаратқаным ризашылығым шексіз. Өйткені, маған өнегелі өмір сүруді, талантым арқылы талайға танылуды нәсіп етті. Сондай-ақ, сан мәрте ажал аузынан аман алып

қалды. Қуанышта да, қайғыда да қасымнан табылатын достарды ғана емес, төңірегіме тек ғана жаны жайсаң жақсыларды жиып беру арқылы Мейірімі шексіз Алла мені жақсы көретіндігін білдіріп тұрғандай. Достарымның көшін қазақтың белгілі ақыны, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов бастап тұр. «Құданы Құдай қосады» демекші, Елбасымыз Н.Назарбаевпен, қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровпен құда болып, өрісіміз одан әрі кеңейіп жатыр. Сондай-ақ, жанымды ұғынатын Құралайдай өмірлік серігім – Жаратушының маған берген ең үлкен сыйы. Мен үшін кез-келген мерейтой – той тойлау емес, ой толғау. Белгілі бір белесті бағындырған кезде, тек той жасап, елдің басын қосып қана қоймай, осы күні ел алдында есеп беремін. Күні бүгінге дейін бітірген, бітірмеген істерімді саралап, бір сүзгіден өткіземін. Қуанышты күні көп тілегінен қуат алып, ары қарай алға қойған жоспарларымды жүзеге асыруға кірісіп кетемін.

Бұйыртса, осы жолы да сол үрдіс жалғасын табады деген ойдамын.

– Қос дәуірдің куәгері ретінде бүгінгі қазақ әдебиетінің даму барысы туралы ой-пікіріңізді ортаға салсаңыз...

– Қазақ әдебиеті өзінің жүз жылға жуық тарихына қарамастан, ғасырлық тарихы бар әдебиеттермен тең түсе алатын деңгейге жетті. Әсіресе, Ә.Нұрпейісов ағамыз бастаған проза жанрының ұлы көші ұлт руханиятына зор үлес қосып, қарқынды даму үстінде. Күні бүгінге дейін кенжелеп келе жатқан драма жанры да Дулат Исабеков, Тынымбай Нұрмағамбетов т.б таланттардың туындылары арқылы биік деңгейге қол жеткізді. Ал, поэзия жанры бойынша жастардың алдыңғы шептен көрініп келе жатқаны көңіл қуантады. Дегенмен, кейде маған поэзия жауапсыз махаббатты жырлаудан ары аса алмай жатқандай көрінеді. Соның салдарынан, әлеуметтік мәселелер көбіне тасада қалып жатыр. Поэзиядағы көтерілетін тақырыптардың аясы тар екендігін айтуға тиіспіз. Өйткені, махаббат, туған жер, арнау өлеңдерімен ғана біз ұзаққа бара алмаймыз. Әйтеуір, қазақ поэзиясы Құдай ерекше талант берген дарындардан кенде емес. Олар тек өз елімізбен шектеліп қалмай, әлемдік биікке көтерілсе екен деймін. Біздің ақындарымызды тек қазақ халқы ғана емес, әлем жұртшылығы білсе екен деймін. Бұл бағытта тыңнан түрен салу үшін, біздің ақындарымыз әлбетте, орыстың, батыстың ақындарының шығармашылығынан сусындап, үнемі ізденіс үстінде жүріп, өз-өздерін жетілдіре түсуі қажет.

– Құрылғанына 85 жыл толып отырған Қазақстан Жазушылар одағының бүгінгі тыныс-тіршілігі қандай?

– ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Ұлықбек Есдәулет тізгінін ұстаған Қазақстан Жазушылар одағы бүгінде жаңа серпінмен дамып келеді. Келешекте одақ жұмысы бүгінгіден де жанданып, одан әрі биіктей түседі деп есептеймін. Бағымызға орай, жаңадан сайланған Президентіміз Қ.Тоқаев ә деген бетте-ақ, қазақ руханиятының дамуына айрықша көңіл бөлді. Мемлекет басшысының қазақ әдебиетіне деген қамқорлығын Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулетті және т.б көптеген жазушыларды арнайы қабылдап, олардың жағдайымен жете танысуынан-ақ айқын аңғарамыз. Мемлекет тарапынан одаққа екі бірдей көліктің берілуі – шығармашылық иелеріне

көрсетілген қамқорлық. Ал, Алматы қаласының тізгінін ұстаған Бақытжан Сағынтаев 150 ақын-жазушыға грант бөліп, одақ ғимаратын күрделі жөндеуден өткізіп, мүмкіндігінше оларға зор қолдау көрсете бастады.

«Аруана» – гауһар тас, інжу-маржан поэма

- Жаратушы Иеміз бармақтай бақ берген жазушының бірісіз. Өзіңізге отызға жетпей-ақ орда бұздырған төл туындыңыз – «Ақ аруана» туралы ақтарыла сыр ақтарсаңыз екен...

– «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демеуші ме еді дана халқымыз. Жастайымнан жарқылдап көріне білсем, ол – Әуезовтей әулиенің дәрісін тыңдағанымнан. Мұқанов, Мүсірепов, Мұстафиндей ұстаздарымның ұлағатын бойға жиғанымнан. Менің әдебиет әлеміндегі Сәбит Досанов деген атымды қалыптастырған туындым – «Ақ аруана». Мен бұл шығармамды жиырма бес жасымда жаздым. Араға екі жыл салып, жарық көрді. Шетелдіктердің таңданысын туғызған осы шығармам бүгінде әлемнің қырықтан астам тіліне аударылды. Осыдан кейін, халықаралық баспасөз беттерінде «Ақ аруана әлемді аралап жүр» деген мақала жарияланды. Ал, грузин ақыны, сыншы, академик Мурман Джугубриа: «Аруана» – гауһар тас, інжу-маржан поэма. «Аруанада халықтарды, әртүрлі діни-сенімдерді біріктіретін нәрселер бас қосқан. Бұл классикалық туынды», – деп жоғары бағасын берген-ді. – Елімізден де шетелден де жоғары бағасын алған «Жиырмасыншы ғасыр» романыңызда бүкіл бір ғасырдың тарихын көркем шығарма тілімен өрнектеп шықтыңыз. Қазақ әдебиетіндегі бұрынғы ұстанымдардың ізімен емес, образдарыңыз өз оқырманын сан қырлылығымен баурай түседі. Аталмыш туындыңыздағы жаңашылдықты тағы бір саралап өтсек, артықтық етпейтін сияқты...

– Бұл романды жазудағы басты мақсатым – бірнеше буын ұрпақтың тағдыры арқылы соңғы жүз жылдың көркем шежіресін жасап шығу еді. Роман шынайы тарихи фактілердің берілуімен де ерекшелене түседі. Мәселен, 1905 жылы Бақытжан Қаратаев Думада сөйлеген сөзінде, патшаның жүргізіп отырған отарлау саясатын айыптаған. Бұл сөз Алаш арыстары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы барлығы бірлесе отырып дайындалған деп ойлаймын. Мұндағы басты оқиға – Владимир Ильич Лениннің сол сөзден үзінді келтіре отырып, арыстарымызды қолдағандығында. Бұған дейін қазақ әдебиетінде байлар көбіне жағымсыз бейне ретінде сомдалғаны соншалықты, бай десе халық көз алдына бірден жаман, қатыгез адамды елестетін деңгейге жеткен. Ал мен Нұрдәулет образы арқылы көзі ашық, оқыған байды көрсеткім келді. Нұрдәулет қажылыққа барған, ол орыс және басқа да шет тілдерін өте жақсы меңгерген адам. Сонымен қатар, ол Ахмет Байтұрсынұлымен дос. Қарашекпенділерге қарсы күресте петицияға қол жинап, күрестің бел ортасынан табылады. Нұрдәулеттің ғашығы Айжан өте білімді қыз болады. Бірақ екеуі қосыла алмайды. Айжан гимназияны үздік бітіріп шыққан, 1900 жылдары Франциядағы Сарбонна университетінде жоғары білім алған. Аталмыш оқу

орнын бітіріп, үлкен ғалым атанады. «Жиырмасынша ғасыр» романына дейінгі әдебиетіміздегі көптеген шығармаларда қазақ қызы әкесінің айтқанынан шыға алмай, байларға малға сатылып кете берсе, ал Айжан өзінің ойы, көзқарасы бар сауатты қыз. Мен осы Айжан образы арқылы қазақ мәдениетінің жоғары деңгейде екенін, ешкімнен кем емес екенін көрсеткім келді.



«Жиырмасыншы ғасыр» романының жаңалығы – Ақбас бүркіттің символикалық биікке көтерілуі. Оқиғаның басым бөлігінің Ақбас бүркіттің көзімен берілуі де әдебиет әлеміндегі жаңалық деп жазды әдебиет сыншылары. Осы тұста Елбасымыз Н.Назарбаев романды оқып: «Қазақ әдебиетінде Әуезовтен кейін эпопея жазған жалғыз жазушы – Сәбит Досанов», – деп ресми түрде ел алдында жоғары бағасын берді. – **Оқырман қауым өзіңіздің шығармашылықтағы жоспарларыңызбен де таныса отырса...**

– «Жиырмасыншы ғасыр» атты роман-эпопеям өз бағасын алғанын өзің де жоғарыда атап өттің. Ендігі жоспарым – «Жиырма бірінші ғасыр» атты роман-эпопея жазу. Бұл туындымда Президенттен бастап, шенеуніктер, олигархтар, жезөкшелер, қайыршылар, яғни, қоғамның барлық мүшесінің өмірін түгелдей қамтығым келеді. Алла деніме саулық берсе, басты қаруым – қаламым арқылы бүгінгі күннің картинасын жасаймын деген ойдамын. **Өзіңіз білетіндей таяуда ғана ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы жарық көрді. Осы мақаладан не түйдіңіз?** – Қасым-Жомарт Кемелұлының ел басқарған кезеңімен әл-Фарабидің 1150 жылдығы, Алтын Орданың 750 жылдығы, Абайдың 175 жылдығы сынды айтулы оқиғалар тұспа-тұс келіп тұр. Бұл бағыттағы жұмыстарды мемлекет басшысы бастап та кетті. Қ.Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы дер кезінде жарияланған бағдарламалық мақала десек артық айтқандық емес. Ендігі жерде, Ұлы Абайдың ұлылығын күні бүгінге дейін жоғары деңгейде танып біле алмай келсек, сол олқылықтың орнын толтыратын кез келді. Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласын



әрбіріміз қолдауға тиістіміз. Қолдау дегенде тек ғана ой-пікір білдірумен шектелмей, Ұлы Абайдың даналығын бойымызға сіңіре білуіміз қажет. Ол үшін Абай әлеміне дендеп енуіміз керек. Сонау жастық шақта оқып жаттаған Абай жырлары әлі күнге дейін санамда сайрап тұр. Қарасөздері де бір сәт есімнен шыққан емес. Абайға әлде де тереңірек үңіле түссек, шығар

шыңымыз да биіктей түспек.

– *Сәбит Аймұханұлы, бір сұхбатыңызда: «Ел бақытты болмай, ер бақытты болмайды» деген едіңіз. Біздің ел бақытты ма?*

– Аллаға шүкір, еліміз ашық аспан астында көк туын көкте желбіретіп, бейбітшілік пен ынтымақты ту етіп, бақытты өмір кешіп келеді. Қазақстан атты мемлекетті бүгінгі күнге дейін дүниежүзі таныды. Өркениет жолымен ақырындап дамып келе жатырмыз.

– *Қоғамның бір мүшесі ретінде ел жағдайына көз тастағанда не ұғасыз?*

– Елдің бәрінің жағдайы бірдей емес екені белгілі ғой. Сондықтан, біріне қарап, сүйінсең, екіншісіне қарап күйінесің. Әсіресе, ауылдағы ағайынның хал-ахуалы мені қатты алаңдатады. «Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз» деп Бейімбеттің айтқан сөзі әлі күнге дейін күн тәртібінен түскен жоқ. Ауыз суға жарымаған ауылдағы ағайынның халы аянышты. Жарық, жылу, жолдың жырымен жүрген жұртты көргенде жүрегім ауырады. Олардың көзінен тек ғана алдағы жарқын күнге деген үмітті ғана көремін. Сол үміттері ақталса екен деймін...

– *Тәуелсіздік алғанына отыз жылға таяған, озық отыз мемлекеттің қатарына кіруді көздеген Қазақстанның әрбір ауылы ажарланып, қарыштап даму жолына түсетін кезі әлдеқашан келді емес пе, көке?*

– Әрине, біздің Қазақстан жер бетіндегі ең бай мемлекеттердің бірі. Санаулы халықтың бар жағдайын жасауға шамасы да жетерлік. Бәріне кедергі келтіріп отырған нәрсе – ол жемқорлық. Қоғамның барлық саласын жайлаған осы бір дертке түп-тамырымен балта шабылса, онда біздің елге жұмақ орнар еді. Оффшорларда жатқан жүз миллиард доллар қайтса, онда еліміздің 20 млн. тұрғынының әрбіріне котежд салып беруге жетер еді.

Билік басындағы азаматтардың басты кемшілігі – халықтан қол үзіп кеткендігінде

– *Халықтың хал-ахуалы биліктің тізгінін ұстаған ерлерге тікелей байланысты емес пе? Өзіңіз де ел ағасы ретінде басшылық қызметте жүрген азаматтармен байланысып тұрасыз ғой, сіздің ойыңызша оларға бүгінде не жетіспейді?*

– Осындайда заңғар суреткер Ғабит Мүсіреповтің «Мәдениет пен әдебиет ұлы болмай, ұлт ешқашан ұлы болмайды» деген сөзі еріксіз еске түседі. Біз жаһандануға жұтылып кетпейміз десек, мәдениетіміз бен әдебиетімізді дамытуға күш салуымыз керек. Барлық нәрсе айналып келгенде мәдениетке келіп тіреледі. Мәселен, мәдениетті адам қылмысты да, ұрлықты да жасамайды.

Біздің шенеуніктердің дені кітап оқымайды. Кейбірінің кітап тұрмақ, газет-журналдың бетін ашуға да мұршалары жоқ.

Шенділерге жетіспей жатқан кейбір нәрселерді атап көрсеткім келіп отыр. Олардың көпшілігі уақыттарын тиімді пайдалана білмейді. Таңнан кешке дейін қайта-қайта жиналыс өткізе берудің түкке де пайдасы жоқ. Мәселен, бізде Президент жиналыс өткізсе, ізін шала премьер-министр, министрлер, одан кейін облыс әкімдері сол әрекетті қайталайды. Жиналыс деген шенеуніктердің уақытын ғана емес, миын да деп жатыр. Пайдасыз жиындарды қысқартып, керісінше, халықты мазалаған мәселелерді шешуге күш салған жөн. Одан соң біздегі бюрократия демократияны жұтып жатыр. Мысалы, отыз жыл мемлекет басқарып, КПСС Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі болған Дінмұхамед Қонаев керемет демократ еді. Кез-келген адам хабарласып, өзінің мұн-мұқтажын, алғыс-тілегін айта беретін. Ал, босамай жатса, міндетті түрде өздері телефон соғатын. Ал қазір министр тұрмақ, оның орынбасарымен телефон арқылы тілдесудің өзі мұң. Биліктің тізгінін ұстаған азаматтардың басты кемшілігі – көпшілігінің халықтан қол үзіп кеткендігінде. Халықсыз олар кімге министрмін, кімге әкіммін деп қызмет етеді? Елмен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істегенде ғана жоғары нәтижеге қол жеткізбей ме? Түптеп келгенде, халықсыз, жазушы да, ақын да ешкім емес. Әрі-беріден соң, Президенттің де халықсыз күні жоқ. Халықсыз ол кімді басқарады? Сондықтан, әрбіріміз үшін халық ең бірінші орында тұруға тиіс.

– *Қандай арманыңыз бар?*

– Менің үш арманым бар. Біріншісі – Тәу етер Тәуелсіздігіміз мәңгілік жасай берсе екен. Екінші арманым: халқымыз бақытты өмірге кенеліп, өркениеттің жемістерін көрсе екен. Үшіншісі – тағы бір он жыл өмір сүрсем екен. Бәрі де бір Алланың қолында, әлбетте. Одан көп өмір сүру нәсібі бұйырса, оны да көрерміз.

– *Тілегіңіз...*

– Қазақты кейінге тартып тұрған төрт тұсау: рушылдық, жершілдік, қызғаншақтық, күншілдік. Келер ұрпақ осындай қасиеттерден ада болса екен деп тілеймін.

– *Әңгімеңізге рахмет! Жүзіңіз жарқын күйде жүзге жетіңіз!*

*Гүлмира Садық
журналист*

Құттықтау
Қаламың қолдан түспесін
Құрметті Сәбит Аймұханұлы!

Республикалық «Қазақ үні» газетінің ұжымы Сізді ақсақалдықтың асқаралы кезеңі, кісіліктің кемел шағы саналатын 80 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды. Сіз жас күніңізден-ақ қазақ Қарасөзінің шу асау арғымағын бастықтырып, руханият ісіне еркін араласып өстіңіз. Қандай қызметте жүрсеңіз де азаматтық ісіңізбен жарқырай көрінумен

болдыңыз. Сіздің араласуыңызбен атқарылған шаруалар, тындырылған істер ел-жұртыңыздың көз алдында. Сол еңбектеріңіз Өзіңізді адамдықтың айдынында жүздірді. Ғибратты ғұмырыңыз әрбір қазақ азаматына үлгі, өнеге. Бүгін сексеннің сеңгіріне жаныңызға еңбекқорлық пен адалдықты серік етіп, жарасты келіп отырсыз. Осынау шығармашылық ғұмырыңызда әдебиет пен мәдениетке қалтқысыз қызмет еттіңіз. Жазушылық пен азаматтықтың қос тізгінін тең ұстап, толайым дүниелер тудырдыңыз. Сіздің қаламыңыздан туған шығармаларды қазақ көркемсөзіне қосылған зор үлес деп білеміз. Сонау алғашқы «Қайырлы таң», «Тау жолы», «Ақ аруана» шығармаларыңыздан бастап «Дүние жалған», «Жусан исі», «Қыран қалғымайды», «Екінші өмір», «Қылбұрау», «Ұйық», «Тұйық», «Намыс найзағайы», «Тау жолы», «Жиырмамыншы ғасыр» деп жалғаса беретін отыз томдай еңбегіңіз оқырман олжасына айналды. Осы үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, М.Шолохов атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, Қырғызстан Республикасының «Алтын қалам» әдеби сыйлығының иегері атандыңыз. Шау тартпас шабытыңыздың арқасында бүгін де қолыңыздан қаламыңыз түспей, оқырмандарыңызды қуантумен келесіз. Саналы ғұмырын көркем сөзге арнаған Сіздің алдағы уақытта да жемісті еңбек ететініңізге сеніміміз мол. Өзіңізді үлгі тұтып, шығармаларыңызды өз жүрегінің дүрсілі деп білген қаншама шәкірттеріңіз бар. Сол іні-қарындастарыңыз бен қалың оқырмандарыңыздың құрметіне бөленіп, ақыл айтар ақсақалымыз болып, көш бастап ортамызда аман-сау жүре беріңіз.

Сәбит Досанов замандастары көзімен...

Құрметті Сәбит Аймұханұлы!

Мерейтойыңыз құтты болсын! Отбасыңыз аман, бауырыңыз бүтін, шаңырағыңыз биік болсын! Сізге шығармашылық толағай табыстар тілейміз!

Құрметпен, «Қазақ үні» газетінің ұжымы.

Сіздің қаламыңыздан шыққан әңгімелеріңіз бен очерктеріңіздің, хикаяттар мен романдарыңыздың өз оқырмандары қалыптасқан. Олардың бірқатары шетел халықтарының тілдерінде жарық көріп, қазақ әдебиетінің танылуына қосқан лайықты үлес болды.

Нұрсұлтан Назарбаев

Сіз туындыларыңыз арқылы халқымыздың руханиятын еселеуге зор үлес қосып келесіз.

Қасым-Жомарт Тоқаев

Я хочу особо отметить также новую работу Сабита Досанова цикл романов под общим названием «XX век». Сама идея создать художественную летопись столетия через судьбы людские заслуживает большого внимания.

Мустай Карим

Досановтың «Аруана» хикаясында аналық түйемен оның ботасын сипаттауы адамнан бетер. Тілсіз түйенің мекенін, балажандылығын сипаттағанда Сәбит оқырмандарының сана-сезімін толғандырып кейде көзіңе жас алғандай халге келтіреді. Кейбір сипатында жақсы ақындар дәрежесіне көтерілген автор қазақ тілінің қайдағы бір тәтті балын тамызады.

Сәбит Мұқанов

Сабит, ты много сделал для развития казахской литературы. Тебя читают и любят люди. А это много значит.

Чингиз Айтматов

Образ «Белая аруана» приобретает символический размах, рождая философские размышления общечеловеческого значения.

Сергей Михалков

Язык у него хороший довольно богатый и гибкий.

Абдижамиль Нурпеисов

Данный сборник не может оставить французского читателя равнодушным. Сабит Досанов является чутким рассказчиком и внимательным художником, показывающим прошлое, настоящее и будущее.

Альберт Фишлер

Тасжүрек тағдырмен қасқая күресемін!

Көрнекті жазушы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, М.Шолохов, С.Есенин, В.Пикуль атындағы Халықаралық сыйлықтардың лауреаты, Қаламгер мерейтойы Алматыдағы М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында аталып өтілді. Салтанатты кешке көпшілік оқырман қауыммен қатар жазушының әріптестері, шетелдегі қаламдас достары қатысты.

Кеште белгілі ақын Олжас Сүлейменов: «Талай-талай драмалық шығармалар жазған Сәбит Досанов өмірінің өзі өте қызықты, сонымен бірге біршама мұңды роман сюжетіне ұқсап кетеді, – деді. Қазақта екі түрлі мағына беретін «жаса!» деген сөз бар. Мен досыма, мерейтой иесіне көп жаса дегім келеді!..Расында да, күні бүгінге дейін қаламынан отыз том шығарма туған қаламгердің көрмегені аз екен. «Осынау ғұмырымда о дүниеге жеті рет барып қайтыппын» деп жазушының өзі де айтады. Көзіқарақты көпшілік, тіпті, оның бір мәрте ұшақ апатынан да аман қалғанынан хабардар.

Сондай-ақ ел үлкен қалам иесінің сүйікті ұлынан айырылып, қайғы жұтып қалғанын да жақсы біледі. Сол бір қасыретті күндерде осы Сәкеңнің: «Тәңірі берген талант ұлыма ғана емес, ұлтыма да қызмет етуі керек. Қарсы тұрып қасқайып күресемін тасжүрек мынау тағдырмен деген ойға бекіндім мен ақыры!» дегені есімізде... Салтанатты кеште игі тілектерін айтқан тұлғалар көп. Солардың бірі – Тәжікстанның халық жазушысы Саттор Тұрсынның: «Біздің халықта достың ескісі, киімнің жаңасы жақсы» деген мақал бар. Сәбит Досанов – менің ежелден келе жатқан ескі досым. Ғажап дүниелер тудырған жазушы шығармашылыққа, Отанға деген махаббатына, бәріне жауапкершілікпен қарайды. Сәбит Мұқанов оны үлкен әдебиеттің классигі деп бекер атамаса керек» деген уәжі де жадымызда қалды.

«Алаш арыстарының мұраты – идеологияның темірқазығы»

*«...Талай-талай драмалық шығарма жазған Сәбит Досанов өмірінің өзі өте күрделі де қызықты, сонымен бірге біршама мұңды роман сюжетіне ұқсайды. Расында да, күні бүгінге дейін қаламынан отыз том шығарма туған қаламгердің көргені аз емес. «Осынау ғұмырымда о дүниеге он рет барып қайтыппын» деп жазушының өзі де айтады. Көзі қарақты көпшілік, тіпті, оның бір мәрте ұшақ апатынан да аман қалғанынан хабардар. Үлкен қалам иесінің сүйікті ұлынан айырылып, қайғы жұтып қалғанын да ел жақсы біледі. Сол бір ауыр қазаға душар болған кездері осы Сәкеңнің: «Тәңірі берген талант ұлыма ғана емес, ұлтыма да қызмет етуі керек. Қарсы тұрып қасқайып күресемін тасжүрек мынау тағдырмен деген ойға бекіндім» дегені есімізде... «Қазақта екі түрлі мағына беретін «Жаса» деген сөз бар. Оның бірі – көп жаса, бірі жасампаз бол, көп іс тыңдыр дегенге саяды. Менің Сәбит досыма тілегім: «Жаса»! «Жаса!» Ақын, Қазақстанның Еңбек Ері Олжас Сүлейменов жазушының 75 жасқа толу мерейтойында осылайша көсілген еді. Осы сөзімен ол сөз сүлейінің бекзат болмысын ашып бергендей. Қазақтың маңдайалды жазушыларының бірі, драматург, сыншы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Құрметті Азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәбит Досанов бүгінде 77 жасқа толды. Осы ретте өнері де, өмірі де ерекше талант иесінің айтары көп-ақ. Жазушы жерлесіміз өзі туған өңірдің басылымы, қазақ баспасөзінің қарлығашы «Қостанай таңы» газетіне ой ақтарып, сұхбат берген болатын. -...Он рет ажалдан аман қалдым. Мәскеуде жол апатынан, ал Алматыда ұшақтан жалғыз өзім тірі қалдым. Соңғы алты айда үш рет пышаққа түстім. Үшеуінде де мені өледі деп, үміт үзген еді, алайда, Алланың қалауымен аман жүрмін. Соңғы ота жасағалы төрт айдай өтті, содан оңалғандағы түрім осы. Оның үстіне маған, зейнетте болсам да, демалыс жоқ. Анда шақырады, мында шақырады, аптасына онға жуық шақырту алам,- деп, амандық сұрап, жөн біліскен соң – **Сәбит аға әңгімені өзі бастады да, әрі қарай ел жайында, туған өлке турасында ойға шомып, сөзін сабақтай түсті.***

– Торғай жері әлмисақтан киелі өңір. Адам – табиғаттың перзенті. Бала анасына, әкесіне тартып туатыны сияқты, кейде адамзат кіндік қаны тамған жеріне де ұқсап туады. Мынандай бір ғажап нәрсе бар. Мысалы, Қостанайдан шыққан ақын-жазушыларды алсақ, соның көбісі қазіргі Аманкелді, Жанкелдин аудандарынан шыққан. Әсіресе, Жанкелдинде дүниеге келген таланттар тізімінде шек жоқ. Жердің қасиеттілігін, міне, осыдан-ақ білуге болады.

Жанкелдин ауданы – революцияның бесігі болған жер. Өліара кезден өттік. Қазір, құдайға шүкір, тұрмыс жаман емес, дені сау адамға екі қолға бір күрек табылып жатыр. Күн өткен сайын, жағдай жақсарып келеді. Себебі, мемлекет басшысының ұстанған саясаты дұрыс.

– Аға, бүгінгі ел билігі туралы не айтасыз, көңіліңіз толмайтын тұстары бар ма?

– Президент халыққа үндеу жариялады. Үндеудің мәнісі – басқаруды оңтайландыру. Парламент пен Үкіметке билікті бөліп берді. Бұл тарихи шешім. Рас, осыған дейін бізде бірыңғай Президенттік басқару болып келді. Ол өзін ақтады. Кеңес үкіметі құлағаннан кейін ел еңсесі түсіп, экономикалық қиындықтар болды. Есеңгіреп қалған халықты бір серпілтіп, аяғымыздан нық тұрып кету үшін қатаң тәртіп керек болатын. Тізгінді бір адам ұстау маңыздырақ еді. Президенттік билік ширек ғасыр бір адамның қолында болды. Соның арқасында экономикада, саясатта біраз жетістіктерге жеттік. Қазір Орта Азияда көшбасшы мемлекет екенімізді мақтанышпен айтамыз. Құдайға шүкір! Енді заман өзгерді, талап басқа. Сондықтан мұны Президенттің кезекті даналығы деу керек, ерте де емес, кеш те емес, дер шағында жасалған шешім. Билікті бөліп беру — бұл құрмет қана емес, міндет. Ол жауапкершілікті күшейтеді. «Болашақ» бағдарламасы арқылы шет елдерде білім алған жастар бар, соларға жол ашылсын. Тәжірибесі мол адамдарды да қалдыру керек. Парламентте жастық жалын мен қарттық даналықты қосып, Үкіметті күшейтсе деймін. Сонда ғана Президенттің үндеуі іске аспақ. Екі арада уақыт созырмай Елбасы өзінің халыққа арнаған Жолдауын жариялады. Бұл жолы Жолдау жазбаша таратылды. Мұны естіген халық елең ете қалды. Мәселе онда емес, мәселе оның мәнінде болып тұр. «Үшінші жаңғыру» деген ол өте дұрыс нәрсе. Даланың оқымаған данышпан шалдары бәрін айтып кеткен. «Білегі жуан бірді жығады, білімі жуан мыңды жығады» дейді халық. Қазір – білімнің заманы. Озар болсаң, біліммен, ақылмен ғана озасың. Кеңес үкіметі құлағаннан кейін, идеология бос кеңістік болып қалды. Тәуелсіздік алған жылдары біз одан ажырап қалдық. Мен айтайын, Президент ұсынған «Мәңгілік Ел» – идеологияның көкесі. Бұл саясатты қолдаймын, онымен ұштасатын нәрселер бар. Мәселен, Абайдың қара сөздерін алып қараңыз. Тұнған даналық. Екінші бір қажетті нәрсе – Құранның аяттары.

–Ел ішінде шешімін күткен мәселе көп. Оның бірқатарын өзіңіз тізіп өттіңіз. Тағы нені ескермей отырмыз?

– Бізде кенжелеп қалған мәселенің бірі – өнер мен мәдениет. 2007 жылы «Ақ аруана» деген кітабымды француз тілінде шығарып, мені Францияға шақырған болатын. Сорбонна университетінде шығармашылық кешім өтті. Сонда Франция қалай Франция болды деп, тарихын зерттесем, оның құпиясы былай екен. Он ғасыр бұрын Францияның өзі біздің Қазақстан сияқты әлсіз болған. Тіпті, бізден де нашар болған екен. Оларға Людовик IX патша болған кезде, ол мынандай шешім шығарады. Жаңа патша мәдениет пен өнер, ғылым мен білім — төртеуін алғы шепке шығарған. Бұлар арбаның алдыңғы дөңгелегі болса, қалғандары өздері еріп отырады деп тұжырым жасаған. Францияда ғана емес, бүкіл дүниежүзіндегі атақты жазушы, суретші, ақын, философ, тарихшылардың бәрін шақырып, оларға былай деп айтқан: «Сендер мынау тұрмыстық мәселелерді ұмытыңдар! Жанұяларың, туыстарың мемлекеттің қамқорлығында болады. Сендердің істейтін шаруаларың біреу – әркім өз салаларыңда таңғажайып дүние жасап шығыңдар». Солай жұмылдырған. Нәтижесінде сол төртеуі елді алға жетеледі. Людовик қателескен жоқ, кейін ұрпақтары сол ізді жалғастырды. Оларда тағы мынандай бір керемет мекеме бар. Бізше айтқанда, министрлік сияқты. Мысалы, әлемнің озық ойлы адамдары, жазушылары, ең атақты суретшілері өздерінің туындыларын Парижде шығарғысы келеді. Қазір ақшаң болса, кез келген ортаң қол жазушы болсаң да сенің кітабыңды Америкада, Мәскеуде, Берлинде шығарасың. Бірақ, сен миллион доллар берсең де, Парижде кітабыңды шығара алмайсың. Себебі, олар ақшаны бірінші кезекке қоймайды. Жаңағы министрлікте жүздеген адам істейді. Мәселен, мен — жазушымын, сіз — суретшісіз. Парижде туындының шыққанын қалайсың. Олар сенің туындыңа қарайды, ақылдасады. Егер сенің шығармаң Бальзактың шығармаларымен тең тұрса, сонда ғана жарық көреді. Бұл ондағы мәдениеттің деңгейі өте жоғары екенін көрсетеді. Сол деңгейден түскісі келмейді. Егер нашар шығармалар еніп кетсе, оқырманның талғамы бұзылады. Ал, қазақ әдебиетіне келер болсақ, Парижде Мұхтар Әуезов, Абай Құнанбаев, Махамбет Өтемісұлы, Олжас Сүлейменов, Әбдіжамал Нұрпейісов, содан кейін, менің шығармаларым шықты. Бас-аяғы алты-ақ адам. Олар әдебиетті, ғылымды осындай қатаң талаппен өркендетіп жатыр. Сосын олар көркем әдебиетті керемет оқиды. Біздің бір кемшін тұсымыз – кітап оқымаймыз. Жастар түгіл, шенеуніктер де оқымайды. Жақында бір газеттен көзім шалып қалды, Қытайда жақсы тәртіп орнапты: бір шенеунік айына үш кітап оқуға міндетті. Жан Жак Руссоның бір сөзі бар: «Адам кітап оқуды доғарған кезде, оның ақыл-ойы тұсалады». Кітапты көп оқысаң, өмірге деген көзқарасың өзгереді. Ол туралы кезіндегі ел билеушілердің өзі айтқан. Мысалы, Наполеон былай дейді: «Феодализмді құртқан зеңбірек, адамзат қоғамы қаламға тәуелді». Фейхтвангер: «Кітап жас баланы мемлекет қайраткері ретінде тәрбиелейді» дейді. Кітапты оқыту балабақшадан басталу керек.



Идеологияны Алаштан бастаған дұрыс. Бұл туралы «Түркістан» газетінде мақалам шықты. Сонда Әлиханнның мынадай сөзін келтірдім: «Қараөткел Алаштың ортасы, сол жерден университет ашсақ, қазақтың ұл-қыздарын оқытсақ, сол жерден қала салсақ, сонда Абайды, Ахметті, Міржақыпты тудырған қазақты Еуропа білетін болады» деген. Біз ол кісілердің алдында

қарыздармыз. Қазір олар туралы көркем шығармалар жоқ. Тарихшылар жазған санаулы зерттеу мақалалар ғана бар. Мен ол жағынан мақтанып айта аламын. «XX ғасыр» деген 4 томдық роман-эпопеям жарыққа шықты. Алаштың көсемдерінің аттарын атап, түрін түстеп, істеген еріліктерінің бәрін жаздым. Енді осылардың әрқайсысына бөлек-бөлек роман жазуға болады. Оларды идеологияға бастапқы темірқазық етіп алу керек.

– Қазіргі қазақ әдебиетінде том-том кітап жазатын, қабілет-қарымы зор таланттар бар ма? Жалпы, жаңаша әдебиеттің бүгінгі күйіне қандай баға бересіз?

– Баяғы Кеңес үкіметін жамандай береміз ғой. Оның жақсы жақтарын да алу керек. Партия жазушыларды қолдады. Қолдауға екі себеп бар: біріншіден, идеологияны жазушылар арқылы жүргізді. Мәселен, бүгіндері жазушылар мен халықтың арасында байланыс үзіліп қалды. Неге? Кеңес үкіметі тұсында, Жазушылар одағының ішінде әдебиетті насихаттау бюросы деген болды. Сол бюрода төрт-бес адам істейтін еді. Олардың шаруасы зауыттарға, фабрикаларға, савхоздарға барып келісім-шарт жасау. Ол мемлекетке екі түрлі пайда әкеледі. Бірінші, ақша аударылады, екі-үш жазушыны жібереді, олар әдебиетті насихаттайды. Қазір ондай жоқ. Себебі, кітаптардың тиражы мардымсыз. Мысалы, менің 1978 жылы шыққан алғашқы «Тар жол» атты романым кезінде 100 мың данамен жарық көрді. Соны 1 сом 30 тиынмен сатты, сонда кітаптың жалпы бағасы 130 мың сом болып тұр. Бұл енді фантастикалық мөлшердегі ақша, соның 10 мың сомын маған берді. Ол ақшаға бір «Волга» аласың, не екі «Жигули» түседі. 10 мың сомды кітапты сатқан мекемеге береді. 10 мыңын баспаханаға бөледі. Соның өзінде мемлекет қазынасына 100 мың сом ақша түсті. 100 мың сом ақша дегенің он «Волга» немесе жиырма «Жигулидің» құны. Өзіңіз есептеңіз, бір ғана жазушының кітабынан осыншама пайда түсіп отыр. Халық кітапты көп оқыды, сұраныс көп болды. Ал, қазір мемлекеттік тапсырыспен 500 дана, әрі кетсе 2000-3000 дана жарық көреді. Бұл кімге жетеді? Қазір тұрмыс түзеліп келеді. Кітап оқуға деген құлшыныс артты, себебі, тұрмыс жақсарды. Сондықтан, Мәдениет министрлігі кітап таратуды қолға алса деймін. Мекеме ашып қажеті жоқ, сол министрліктің ішінен әр бөлімнен бір-екі адамнан жинақтаса жеткілікті. Жазушылар мен халықтың арасында байланыс болуы керек. Сонда ғана көркем әдебиет дамиды. М.Әуезов қазақ әдебиетін

әлемдік деңгейге көтерді емес пе. Одан бері ондаған жылдар өтті. Қазақ әдебиетінің келешегі бар.

– Аға, «заман өзгерді, жұрт кітап оқымайды» дейміз. Сонда мынау қусырылып бара жатқан кезеңде бұқараны адамгершілікке бұратын не? – Иә, заманға қарай адам да өзгеріп жатыр. Дәуірді өзгертетін де адам. Кез келген адам, алдымен, өзінен бастау керек. Бізде идеологияны басқарып отырған адамдар әлсіз. Ішкі саясатқа жөнді көңіл бөлінбей жатыр. Кеңес үкіметі кезінде тәрбие қалай еді? Онда пионер ұйымы болды. Мектептен бастап солай тәрбиеледі. Одан кейін комсомол болды, партия болды. Олар, тіпті, дайын кадр тәрбиеледі... Мен бұрынғыны аңсап отырғаным жоқ. Тәуелсіздікке баға жетпейді. Оған бір ғана мысал айтуға болады. Кеңес үкіметі кезінде төрт не бес бөлмелі үй сала алмадық. Көп тиражды газет шығара алмадық, оның өзін Мәскеуден сұрау керек болды. Ал, Тәуелсіздік алғаннан кейін, біз Астанамызды салдық. Тәуелсіздік адамдардың талантын ашты. Заманында мен «Қазақ әдебиеті» газетінде істедім. Ол кезде онға жетпейтін газет болатын. «Қазправда», «Социалистік Қазақстан», пионердің екі газеті бар, комсомолдың газеті бар және қалалық газет болады. Сол газетке мақала таба алмайтынбыз. Енді тәуелсіздік алғаннан кейін, мысал үшін айтайын, мақтанғаным емес, мен сол кезде Қазақстанда ең мықты журналист болдым. Қазіргі журналистердің ең нашары менен мықты. Уақыт өсірді бәрін. Бір газетке мақала берсең, кезекке қояды. Елдің бәрі журналист болып кетті. Бұл бостандықтың келіп, адамдардың талантын ашқандағының дәлелі. Қазір сараптамалық мақалалар көп.

– Елде Шақшақ Жәнібекке арнап ескерткіш орнатпақшы. Ақылдастар алқасының мүшесі ретінде бұл жөнінде не айтар едіңіз?

– Шақшақ Жәнібектің ескерткішіне қатысты Кенжеғали Сағадиев бастаған топпен талқылау болған. Бәрі пікірлерін айтты. Атқа мінгізу керек немесе тағы басқалай. Мен оған бірден қарсы болдым. Атқа мінгізу деген не ол? Қазақстандағы барлық батырлардың ескерткіштеріне қарасаң атқа мініп тұрады, қолында найза, шоқпар. Басқа түрін табайық дедім. Себебі, қайталау болады. Ондаған, жүздеген түрлері бар. Екіншіден, бұл батыр ғана емес, мәмілегер болған адам. Бұл жағын да ескеру қажет. Ескерткіш қойған дұрыс, ол бүгінгі ұрпаққа керек, тарих арқылы жастарды тәрбиелейміз. Бір жағы ата-бабаға құрмет, екінші жағы сол арқылы жастарды қазақстандық патриотизмге тәрбиелейміз. Кейкі батырдың басын алғызды, ол қуанышты нәрсе. Ендігі арман Кенесарының басын алғызсақ. Ал, енді Кейкіге байланысты бір қуаныш, бір өкініш болып тұр. Қуаныш – Кейкінің басының оралғандығы, өкініштісі, оны апарып Аманкелдіге қоямыз дейді. Солай шешіпті. Мен бұған қарсымын. Маған салса, Астанаға қою керек. Астанадан бәрі көреді. Кесене, ескерткіш дегеніміз көрінетін жерде тұру керек.

– Осы күні шығармашылығыңызды немен толықтырып жатырсыз? Алдағы арман-мақсатыңызбен бөліссеңіз...



– Менің арманым – Тәуелсіздігіміз мәңгілік болса екен. Міне, бақыттың үлкені! Бірде орыс тілді журналист: «Бақыт деген не, бір-ақ сөзбен айтыңыз», – деп аяқ астынан сұрақ қойды.. Сонда ойланбастан «Счастье — это когда нет несчастья» дедім. Қазақшасы бақытсыздық болмаса, сол бақыт деген сөз зой. Шынында солай емес пе. Қазір бақытсыздық жоқ, біз бақыттымыз. Көз тимесін! Мысалы, Сирияны

айтпай-ақ қояйық, мынау Армения менен Әзірбайжанның өзі соғысып жатыр. Украинаның жағдайы да оңып тұрған жоқ. Соғыс деген бақытсыздық. Табиғи апаттардың өзі бізді айналып өтіп жатыр. Қазақтың ниетіне қарай берді! Содан кейін, менің ұстаздарым — М.Әуезов, С.Мұқанов қырық том еңбек жазған екен. Қырық том еңбек шығарыпты. Ішінде хаттары бар, сұхбаттары бар. Әдебиет зерттеушілері С.Қирабаев, Ж.Сомжүрек айтқаннан кейін, өзімнің де жазған дүниелерімді есептеп көрдім. Отыз том шығарма жазып, жарыққа шығарыппын. Ендігі арманым, Алла тағала он шақты жыл өмір берсе, мен ұстаздарыма жетем. Асып та кетуім мүмкін. Әлі шықпаған екі-үш кітабым бар. Ойымда жүрген жазатын бірнеше роман, пьесалар бар. Әуелі, Алладан денсаулық сұраймын. Денсаулық болса, халыққа беретін біраз нәрселерімді беріп кетер едім. Осы заман туралы, заманның күйіп тұрған мәселелері туралы роман жазу ойымда жүр. Өткенде министріміз қазір театр режиссерлары да пьеса жазады, өздері қояды деп дұрыс айтты. Екінші бірі пьеса жазып кетті. Драматургияда Дулат Исабеков бастаған бес-алты-ақ адам бар. 1966 жылы шығармашылығымның 30 жылдығына орай кеш өткізгенімін. С.Қирабаев баяндама жасап: «Қазақ әдебиетінде барлық жанрда жазатын екі-ақ адам бар. Бірі – С.Мұқанов, екіншісі – С.Досанов» деген еді. Қазір денсаулығым нашарлап, жұмысқа деген қабілетім азайып қалды. Алайда, жазатын нәрсе көп. Құдай қаласа, жазамын. Алдағы істі Алла біледі. Алланың әмірінсіз ештеңе болған емес, болмайды да. Құдайсыз құрай да сынбайды...

**Әңгімелескен Кенже Қонысбай.
Алматы қаласы.**

Тәуелсіз ойдың тумасы

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы, драматург, сыншы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Парасат» орденінің иегері деген бір басына жететін атақ-даңқы бар Сәбит Досанов – биыл 80 жаста. Сол себепті, Алматыда Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында мерейтой иесінің шығармашылық кеші де өтті. Ол кеш елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатымен ашылды.

«Сәбит Досанов өзінің алғашқы әңгімесін 27 жасында жазып, бірден қазақ әдебиетінің классигі болды. «Шабындықта» атты шағын туындысы екінші сынып оқушыларына арналған оқулыққа және бірнеше басылымдарға енгізілген. Содан бері 53 жыл өтті. Міне, ол Опера театрының сахнасында миллиондаған оқырмандардың құрметі мен махаббатына бөленіп тұр. Елбасы мен Президенттен 80 жылдық мерейтойымен құттықтаған хаттарды қабылдады. Сәбит Досанов 40 кітап жазды.

2020 жылғы 10 қаңтарда «Egemen Qazaqstan» Сәбит Досановтың 80 жасқа толуына байланысты «Тағдырлы тарлан» атты бір бет көлемді мақала жариялапты. Онда мынадай деректер келтіріледі: «Жиырма алтыдағы жас талап дарын иесі «Қайырлы таң» атты әңгіме, очерктер кітабымен ізетті сәлем бере әдебиет ауылына қадам басты. **Ол тұңғыш кітаптың алғысөзін аға буын ақсақал Сейітжан Омаров жазып, «балауса гүлдей құлпырып өсіп келе жатқан жас жазушының тұңғыш жемісті қадамына қуанып, оған ағалық мейірбандықпен сөз арнап, дос ниетпен сәт сапар тілеген» екен.**

Атақты Сәбит Мұқанов «Ұлғайған үміт» деген арнайы мақаласында былайша таркатады: «...Досановтың «Аруана» хикаясында аналық түйе мен оның ботасын сипаттауы адамнан бетер. Тілсіз түйенің туған мекенін, балажандығын сипаттағанда Сәбит оқырмандарының сана-сезімін толғандырып, кейде көзіне жас алғандай халге келтіреді... Адам жазушымен алғаш жолдасқанда қазақ кеңес әдебиетінің көрнекті кадрының бірі болар деп тұтанған үміт жыл санап ұлғая берді де, ақыры қатарымызға қаламы төселген, дарынды көркем әдебиет қаламгерін әкеп қосты... Құтты қаламың қарқындай берсін,



құрметті Адам!» деген пікір қалдырып, Жанай Омаровқа кезінде Сәбит Досановты өз әкесі де қолдағанын меңзеді.

